




ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ
РЕСПУБЛИКАСЫ





- **Қытай Халық Республикасы** (төте жазу: جوڭخۇا خالىق رەسپۇبلىكاسى — *Жұңхуа Халық Республикасы*; жеңіл. қытайша: 中华人民共和国; дәст. қытайша: 中華人民共和國; пинйін: Zhōnghuá Rénmín Gònghéguó) — Азия құрылығында орналасқан мемлекет.
- Халық саны бойынша, әлемдегі 1-ші мемлекет (1,3 млрд санынан астам, халық көпшілігі — этникалық қытайлықтар, өз атауы — хән); жер аумағы бойынша Ресей және Канададан кейінгі 3-ші орында. 1949 жылы Қытай Халық Республикасы жарияланғаннан бері елді Қытай Коммунистік партиясы билеуде. Ресми түрде сегіз партия болса да, ҚХР-сын бір партиялы, авторитарлық елдер қатарына жатқызады.
- 14 мемлекетпен шектеседі: Ауғанстан, Бутан, Мианма, Үндістан, Қазақстан, Қырғызстан, Лаос, Моңғолия, Непал, ҚХДР, Пәкістан, Ресей, Тәжікстан және Вьетнам Социалистік Республикасы.





Экономикасы

Қытай мен Азия, Африка, Латын Америкасы мемлекеттері арасындағы экономикалық қатынасы сыртқы сауда және көмек салаларына байланысты жүзеге асады. Экономикалық қатынастарда қытайлық ықпалды азшылықтары бар бұл елдерде (бұл ел алдымен Оңтүстік Шығыс Азия елдері) Пекин, осы азшылықтардың экспедициялық элементтеріне саяси тұрғыдан қолдау көрсетуге және олардың кәсіпкерлік мүмкіншіліктерін Қытайдың көрсетілген елдерде экономикалық және саяси қатысуын және өзінің эксплуаттарылық кірістерін кеңейту үшін қолдануға ұмтылады.

Пекин халықаралық экономикалық қатынас практикасында ешқандай сипаттары және өнегелері жоқ Қытайдың дамушы елдермен сыртқы экономикалық байланысын қатынастардағы жаңа үлгі ретінде көрсетуге тырысады. Соңғы 20 – 25 жылда Қытай экономикасы жоғары қарқынмен дамыды. Сыртқы сауда ел экономикасының 45%-дан астамын құрайды. Негізгі сауда серіктесі – Жапония, онан кейін АҚШ пен Оңтүстік Корея.

Шетел инвестициясын тартудан Қытай АҚШ-тан кейінгі 2-орында. 1997 жылы 1 шілдеде ҚХР-ға бұрын Ұлыбритания отары болып келген Сянган (Гонконг) аралы қайтарылды. Оған арнайы әкімшілік аудан мәртебесі берілді. Сянганның қосылуы Қытай экономикасының дамуын жеделдетті. Бұл аудан дүние жүзіндегі аса ірі сауда және қаржы орталығы болып табылады. Онда әлемдегі аса ірі 100 банктің 85-інің бөлімдері орналасқан.



Шәйді өсіру және демдеу рәсімін ең алғаш ойлап тапқандар — қытайлықтар. Шәй Қытайда б.з.д III ғасырда пайда болды.



ҚЫТАЙ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАЙЛАНЫСЫ



- Қазақстан мен ҚХР арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас 1992 жылы 3 қаңтардан бастап орнады. 1992 жылы ақпанда Алматыда Қытай елшілігі, Пекинде Қазақстан елшілігі ашылды. Екі ел арасында сауда-экономикалық мәдени, әскери байланыстар дами бастады. Қазақстан Президенті Н.Назарбаев Пекинде, ҚХР төрағасы Цзянь Цзэмин Алматыда ресми сапармен бірнеше рет болды. 1994 жылы 26 сәуірде екі ел үкіметі шекара мәселесін түпкілікті шешу жөнінде келісімге келіп, шекара анықталды. 1996 жылы 26 сәуірде Шанхайда ҚХР, Ресей, Қазақстан, Қырғызия, Тәжікстан басшылары шекара мәселелері бойынша Шанхай келісіміне қол қойды. 1998 жылы 3 шілдеде Шанхай келісіміне қатысушы – 5 ел басшылары Алматыда бас қосты. Сауда байланыстары тез өсіп келеді. Соңғы жылдары Қытайдан Қазақстан арқылы Еуропаға шығу (яғни Ұлы Жібек жолын қайта дамыту) перспективалары қаралуда.




- Қазақстанның Қытайға негізгі экспорт бөлімдері (2007–08):
- Қазақстан Республикасының қытайға шикізат экспортының құрылымы келесідей сипатта көрінеді:
- 53% — шикі мұнайөнімдері,
- 8% — жез, хром, кен мен темір қосылымы,
- басқалары.
- Қазақстаннан Қытайға жеткізілетін өңделген өнім:
- 56% металдан бұйымдар (жезді сым, катодтар, цинк, феррохром, құрыш несие),
- 11% -жанармай,
- 8% — уран,
- 14% — тері,
- 2% — түк,
- басқада.
- Қытайдан импорттың негізгі бөлімдері (2007–08):
- Қытайдан Қазақстанға импорт 2008 жылы 31% өсіп және 4,6 млрд. АҚШ долларын құрады. Импорттың тауарлық құрылымы айтарлықтай диверсифицирленген (тауардың 58 тобы импорттың жалпы көлемінен шамамен 50% құрайды). Импортталатын өнім 99% өңделген тауарларды құрайды; 1% — шикі өнімді құрайды.
- 23% — мұнайгаз құбырлары үшін құбырлар,
- 3% — қазба жүргізгіш машина мен басқада бұрғылаушы,
- 1,6% — көмірден кокс пен жартылай кокс,
- 1,6% — қара металдан басқада металлконструкциялар,
- тағы басқалар.
- Қытайға импортталатын негізгі өнім атауы 3 кестеде көрсетілген.
- Қазақстанның Қытаймен тауарайналымы бойынша есепті оқыңыз



МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫ

Ұлы Қытай қорғаны



Ұлы Қытай Қорғаны – 2500 шақырым ұзындыққа созылып жатқан алып сәулет ескерткіші. Қамал ерте кездерде көшпелі ғұн тайпасынан қорғану үшін салынған деседі.

- Қытай – тарихи, сәулеттік, мәдени орындардың алтын сандығы. 1985 жылдан бері Қытай ЮНЕСКО-мен бірлесе отырып осы тарихи ескерткіштерді қорғау шараларын атқарып келеді. Мұнда мемлекет қорғауындағы 119 табиғи аймақ бар
- Сондай-ақ, Қытай жерінде әлемнің ең биік тауы – **Тибет орналасқан**. Елдің визитті картасына айналған Ұлы Қытай Қорғанынан бастау алатын өзінше сұлу ландшафтар, өзендер, көлдер, теңіздегі шипажайлық қалалар, көне ғибадатханалар көрген көзді ынтықтырады. Қытайға жолыңыз түссе, міндетті түрде Пудун ауданына, Могао үңгіріне, Лэшандағы алып Буддаға, Хуаншань тауларына, Ли өзеніне, Терракоттың әскеріне, Тыйым салынған қалашыққа, Потал сарайына бару керексіз.



